

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 245 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

2. Ковалев Ю.В. Проблемы эволюции метода в зарубежных литературах. // Зарубежная литература. Проблемы метода. Вып.2. Вопросы эволюции метода. – Ленинград, 1984. – С. 3-7.
3. Пospelов Г.Н. Взаимодействие литературных направлений и художественных методов. Творческие методы и литературные направления. – М.: МГУ, 1987. – С. 17-28.
4. Соколов А.Н. Теория стиля. – М.: Искусство, 1968. – 152 с.
5. Суровцев Ю.И. Социалистический реализм как литературное направления. // Социалистический реализм: Проблемы и суждения. – М.: Худ. лит., 1977. – 395 с.
6. Kleszcz L. Hermeneutic reason as the “Art of understanding” // Vestnik of Saint Petersburg University. – 2021. – Vol. 37. – Issue 3. – pp. 441-448.

ӘСКЕРИ ТҮТҚЫН ҚАЛАМҒЕРЛЕР МҰРАСЫН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ (1941–1944 ЖЖ.)

Шалғынбекова А.Б.

2-курс докторанты, Ә. Марғұлан атындағы ППУ, Павлодар, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық сана мен рухани құндылықтарды сақтай отырып, жас ұрпақтың адамгершілік және азаматтық болмысын қалыптастыру. Осы тұрғыда құндылық бағдарлы оқыту концепциясы ерекше мәнге ие. Ол оқушының интеллектуалдық дамуын ғана емес, оның рухани әлемін, адамгершілік ұстанымын, тарихи жадын дамытуға бағытталады [3, 26-6]. 1941–1944 жылдары фашистік концлагерьлерде тұтқында болған қазақ қаламгерлері – Жұмағали Саин, Әбдірахман Асылбеков, Хамза Абдуллин және басқалар – ауыр тағдырға қарамастан, рух биіктігін, ел мен ар алдындағы адалдықты сақтау идеясын өз шығармаларында бейнеледі.

Мақаланың мақсаты – Хамза Абдуллин бастаған қазақ әскери тұтқын қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінде тиімді пайдаланудың ғылыми және практикалық жолдарын айқындау.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім мазмұнын адамгершілік және мәдени тәжірибемен байытуды көздейтін заманауи педагогикалық бағыт [1, 47-6]. Ол тұлғаның өзіндік «Менін» дамыту, рухани иммунитетін күшейту, ұлттық сана мен мәдени кодты сақтау арқылы қоғамдағы үйлесімді қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді [1, 56-6]. Әдебиет пәні – осы бағыттағы ең тиімді құрал, себебі ол адам мен қоғам, мораль мен ар туралы ойлануға мүмкіндік береді. Соғыс жылдарындағы әдебиет, әсіресе әскери тұтқын қаламгерлер мұрасы, осындай құндылықтық рефлексияны дамытудың ерекше әлеуетіне ие. [2, 62-6].

Екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр кезеңінде неміс лагерлерінде тұтқынға түскен Хамза Абдуллин — тек жауынгер ғана емес, қазақ аудармашылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Тұтқын кезінде ол неміс тілін жетік меңгеріп, кейін соғыстан соң әлемдік әдебиетті қазақ тіліне аударуға зор еңбек сіңірді. Абдуллиннің шығармашылық жолы — рух биіктігінің айқын көрінісі. Ол тұтқындық өмірдің азабына мойымай, тіл үйреніп, білім жинап, кейін бұл тәжірибесін ұлт руханиятына арнады. Оның кейінгі аудармалары — Шекспирдің, Гётедің, Шиллердің туындылары — адамгершілік пен еркіндік идеяларын қазақ оқырманына жеткізді. Мұның бәрі Хамза Абдуллин тұлғасын рухани тұрақтылықтың, білім мен еңбектің, ұлттық намыстың символына айналдырады. Осы тұрғыдан оның өмір жолы мен шығармалары құндылық бағдарлы оқытуда еңбек пен білімнің құндылығын, рухани төзімділікті, ұлт алдындағы жауапкершілікті насихаттауда таптырмас материал.

Мұндай мұраларды оқу процесінде енгізудің тиімді жолдары мыналар:

1. Құндылықтық талдау әдісі – Х.Абдуллин мен Ж.Саин шығармаларын оқытуда басты идеялар: рухтың сынға түсуі, ар-намысты сақтау, білім арқылы еркіндікке ұмтылу.

2. Проблемалық сұрақтар әдісі – мысалы: “Тұтқындық өмір адам рухын сындыра ма, әлде шыңдай ма?” деген сұрақ төңірегінде пікірталас өткізу.

3. Пәнаралық байланыс – Хамза Абдуллиннің тіл үйрену мен аудармашылық еңбегі шет тілі, әдебиет, тарих сабақтарымен біріктіріледі.

4. Тұлғалық-бағдарлы жоба әдісі – оқушылар “Хамза Абдуллин — рух пен еңбектің символы” тақырыбында шағын зерттеу жүргізеді.

5. Рефлексия мен шығармашылық тапсырмалар – шығармадан үзінді оқып, оқушы өз өмірлік құндылықтарымен салыстырып эссе жазады.

1941–1944 жылдардағы қазақ әскери тұтқын қаламгерлерінің, әсіресе Хамза Абдуллиннің шығармашылық жолы – рухтың жеңісін дәлелдейтін тарихи және тәрбиелік феномен. Бұл мұраларды құндылық бағдарлы оқыту жүйесіне енгізу арқылы білім беру процесі терең адамгершілік сипат алады. Оқушы Хамза Абдуллин тағдыры арқылы еңбекке, білімге, еркіндік пен рухани төзімге құрметпен қарауды үйренеді [5, 95-б]. Бұл – ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық гуманизмнің түйісу нүктесі.

Мақала АР23490928 “Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы” жобасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаева С.С. Құндылық бағдарлы білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2010.
2. Айтмамбетова Б. Тәрбиенің жалпы негіздері. – Алматы: Рауан, 2003.
3. Саин Ж. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1975.
4. Асылбеков Ә. Солдат тағдыры. – Алматы, 1982.
5. Абдуллин Х. Мен көрген соғыс. – Алматы: Қазақстан, 1995.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Шарапиден А.Т.

Д. Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицей мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек тілдік дағдыларын қалыптастыру жеткіліксіз. Өйткені олардың адамгершілік, мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамыту басты міндетке айналды. Сондай-ақ, білім беру тек ақпарат беруден тұрмай, оқушының жеке тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Бұл ретте, тіл мен әдебиет сабақтары оқушының ойлау қабілетін дамытуға, өмірлік тәжірибесін байытуға, қоғамдағы мәдени кодтарды түсінуге және этикалық нормаларды ұғынуға ықпал етеді [1, 15-б.].

Құндылық бағдарлы оқыту теориясы тілдік және әдебиеттік пәндерді оқытуда оқушының танымдық, эмоционалдық және мәдени дамуын бір жүйеге келтіреді. Бұл тәсіл мәтіндерді түсінуге ғана емес, олардың терең мәнін бағалауға, өмірлік құндылықтарды анықтауға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құндылық бағдарлы оқыту оқушыны тек білім алушы ретінде емес, өз пікірін қалыптастыратын, жауапкершілікті сезінетін, этикалық нормаларды ұстанатын жеке тұлға ретінде дамытады [2, 5-б.]. Құндылық бағдарлы оқыту практикалық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады. Әдеби шығармаларды талдау барысында оқушы адамгершілік, достық, әділдік, адалдық сияқты өмірлік құндылықтарды түсінеді және олардың маңыздылығын бағалай алады. Бұл тәсіл оқушының тілдік дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мәтінге қатысты өз көзқарасын білдіруге, талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытудың ғылыми негіздерін зерттеу және оның сабақтағы практикалық мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу міндеттері: Құндылық түсінігі мен оның педагогикалық мәнін анықтау; Тіл мен әдебиеттің құндылықтық функциясын зерттеу; Құндылық бағдарлы оқытудың теориялық және практикалық әдістемесін қарастыру; Сабақтарда құндылықтарды қалыптастыру жолдарын көрсету; Оқушылардың жеке тұлғалық және эмоционалдық дамуына тіл мен әдебиеттің әсерін бағалау; Практикалық тапсырмалар мен сабақ үлгілерін құндылық бағдарлы оқыту принциптері бойынша әзірлеу.